

БҮЛІНГЕН БОРДЮР: СЕБЕБІ МЕН САЛДАРЫ

4-БЕТ | САРАПТАМА



ШЕТЕЛДІК БІЛІМ ТҮЙТКІЛІ

5-БЕТ | ҚОҒАМ



КОНСТИТУЦИЯ КҮНІ: НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

ОЙМАҚТАЙ ОЙ

Оқу-білімсіз өнер де жоқ, ақын болу үшін де, болмаса басқа түрлі өнерпаз болу үшін де, ең алдымен білім керек.

Ғабит МҮСІРЕПОВ

№99
(4843)
Сенбі
23 тамыз
2025 жыл

ELORDA AQPARAT

ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ТАЗА ҚАЛА – ТАЗА БОЛАШАҚ

Елордада «Таза Қазақстан» ұлттық экологиялық акциясы аясындағы іс-шаралар тұрақты жүргізіліп келеді. Кеше Сәкен Сейфуллин музейі, АЛЖИР мұражайы, М.Горький атындағы орыс драма театры ұжымдары өз мекемелері аумағында тазалық жұмыстарын жүргізді. Қуыршақ театрында спектакль алдында балаларға арналған тазалық туралы тақырыптық ойын көрсетілсе, «Арбат» демалыс аумағында экологиялық квиз ұйымдастырылды.

ОРТАША ЗЕЙНЕТАҚЫ – 143 МЫҢ ТЕҢГЕ

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мәліметі бойынша 2025 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша еліміздегі зейнеткерлер саны 2 млн 497 мың адам болды.

Жыл басынан бері республикалық бюджеттен 2 трлн 451,4 млрд теңге сомасына зейнетақы төленді, оның ішінде базалық зейнетақы төлеуге – 793 млрд теңге, ынтымақты зейнетақы төлеуге 1 трлн 658,4 млрд теңге қарастырылған. 2025 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша республикалық бюджеттен төленетін жиынтық зейнетақының орташа мөлшері 143 097 теңгені құрады, оның ішінде ынтымақты зейнетақы мөлшері – 95 491 теңге, базалық зейнетақы – 47 606 теңге» делінген ақпаратта.



АСТАНАДА – ӘЛЕМ БІРІНШІЛІГІ

6-11 қыркүйекте Астанада пара хоккейден (В-пул) әлем чемпионаты өтеді. Бұл жөнінде ҚР туризм және спорт министрлігінің Спорт комитеті хабарлады.

Жарысқа Италия, Жапония, Швеция, Қазақстан, Франция және Финляндия құрамалары қатысады. Бұл біріншілікте тек әлем чемпионы анықталып қоймай, 2026 жылы Миланда өтетін XIV қысқы Паралимпиада ойындарына іріктеу турнирі-не берілетін екі жолдама сарапқа салынады.

ДЕМЕУШІЛЕР КӨМЕКТЕСЕДІ

«Мектепке жол» акциясы аясында елордадағы 8 500-ден астам балаға демеушілер есебінен қайырымдылық көмек көрсету жоспарланып отыр. Көмек мектеп сөмкелері мен кеңсе тауарлары түрінде беріледі.

Астанада 1 тамыздан 30 қыркүйекке дейін дәстүрлі республикалық «Мектепке жол» акциясы өтіп жатыр. Оның аясында әлеуметтік аз қамтылған және көпбалалы отбасылардың балаларына, сондай-ақ жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға демеушілердің қаражаты есебінен қайырымдылық көмек көрсетіледі, деп хабарлады Elordainfo.kz.

«Ата-аналарға, егер балалары көрсетілген санаттарға жататын болса, растайтын құжаттарымен мектепке жүгінуі қажет. Әлеуметтік педагогтар мұқтаждардың тізімін бірінші сыныпқа қабылданғандар мен жаңадан келген оқушыларды ескере отырып жасайды» делінген хабарламада.



КӨМІР ҚАЙДА САТЫЛАДЫ?

Елордада халыққа көмір сатуға арналған 17 қойма жұмыс істейді, олардың ішінде 14 сату орны бар.

Барлығы тиісті инфрақұрылыммен және жүк тиеу-түсіру техникасымен толық қамтамасыз етілген, деп хабарлады Астана қаласы әкімдігінің ресми сайты.

Қала бойынша 8 компания көмір сату қызметін жүзеге асырады.

Олар мына мекенжайларда орналасқан: Герцен көшесі 4/1; Герцен 6/2; Көктал 28/2; Мақат 40; Ж.Жабаев 76; А.Жұбанов 35; Дулатов 182/1; 85-көше (ЖЭО-3 ауданы) учаске 9А; Герцен 6Б.

Қазіргі таңда Астанада көмірдің орташа бағасы мынадай: Шұбаркөл – тоннасы 18 000 тг; Қаражыра – тоннасы 18 500 тг; Майкөбе – тоннасы 15 500 тг.



№99 (4843) 23/08/2025 Сенбі





ЫНТЫМАҚ ПЕН БІРЛІКТІҢ ЖАҢА КӨКЖИЕГІ

Төлен ТІЛЕУБАЙ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қырғыз Республикасына ресми сапары «Ата бейіт» ұлттық тарихи-мемориалдық кешеніне зиярат етуден басталды. Мұнда Отанына әр кезеңде қалтқысыз қызмет еткен қырғыз халқының даңқты перзенттері, сталиндік репрессия құрбандары жерленген. Кешенге «Ата бейіт» атауын жазушы Шыңғыс Айтматов ұсынған. Мемлекет басшысы мемориалдық кешен аумағындағы 1916 жылғы үркіншілік құрбандарына арналған ескерткішке гүл шоғын қойды. Бұдан кейін Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қырғыз халқының кемеңгер жазушысы Шыңғыс Айтматовтың бейітіне зиярат етіп, қаламгердің рухына Құран бағыштады.

> Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қырғыз Республикасына ресми сапармен барды. Мемлекет басшысын Манас халықаралық әуежайында Қырғызстан Республикасының Президенті Садыр Жапаров қарсы алды. Президенттер келіссөз жүргізіп, екі елдің Жоғары мемлекетаралық кеңесінің жетінші отырысына қатысты.

ТАТУЛЫҚ ПЕН ҚҰРМЕТІМІЗ ҮЗІЛМЕЙДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қырғыз Республикасына ресми сапары аясында Президент Садыр Жапаровпен кездесті. Келіссөзге дейін «Ынтымақ Ордо» резиденциясында салтанатты қарсы алу рәсімі өтті. Президенттер бір-бірімен амандасқаннан кейін екі елдің мемлекеттік әнұрандары шырқалды. Құрмет қарауылы ротасының бастығы рапорт берген соң, Қасым-Жомарт Тоқаев пен Садыр Жапаров сап түзеген сарбаздардың алдынан жүріп өтті. Бұдан кейін мемлекеттер басшылары ресми делегация мүшелерін таныстырып, келіссөз залына барды.

Қазақстан Президенті бауырлас Қырғыз Республикасына ресми сапармен келуге шақырғаны үшін Садыр Жапаровқа алғыс айтты. «Бұл сапар екі ел арасындағы достық қатынастың дамуына тың серпін береді деп сенемін. Шын мәнінде, қазақ пен қырғыз – тілектес, бауырлас елдер. Біздің тарихымыз – тамырлас, салт-дәстүріміз бен таным-түсінігіміз, ұлттық болмысымыз ұқсас. Қос халықтың татулығы мен өзара құрметі ешқашан үзілген емес. Қазір де ықпалдастығымыз стратегиялық серіктестік рухында қарқынды дамуда. Біз барлық деңгейде өзара құрметке негізделген саяси диалог орнаттық. Мемлекетаралық, парламентаралық және үкіметаралық кеңестеріміз табысты жұмыс істеп келеді. Сондай-ақ өңіраралық байланыстарды дамытып жатырмыз. Жалпы, екі елдің арасында жан-жақты әрі тығыз ынтымақтастық орнаған» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Қырғызстан Президентінің екіжақты ықпалдастықты жаңа деңгейге көтеруге зор үлес қосқанына назар аударды. «Мен мұны жоғары бағалаймын. Қажырлы еңбегіңіздің арқасында Қырғызстанда көптеген оң өзгеріс болып жатыр. Сіз халықтың әл-ауқатын жақсартуды көздейтін маңызды бастамаларды жүзеге асырып келесіз. Ел экономикасының жыл басынан бері 11,7 пайызға өсуі – осының айқын дәлелі. Біз бауырлас елдің барлық жетістіктеріне қуанамыз. Қырғызстанмен арадағы ынтымақтастықты барынша нығайтуға айрықша мән береміз» деді Мемлекет басшысы.

Садыр Жапаров шақыруын қабыл алып, Қырғызстанға ресми сапармен келгені үшін Қазақстан Президентіне ризашылығын жеткізді. «Сізді Қырғызстанда көрнекті мемлекет қайраткері және халықаралық деңгейдегі тәжірибелі дипломат ретінде біледі. Соңғы жылдары Сіздің қолдауыңызбен екі елдің қарым-қатынасы жаңа деңгейге өтіп, достығымыз бен бауырластығымыздың бекемделе түсуі бізді қуантады. Қазақ елі – біз үшін ерекше ел. Біздің мәмілелеріміз Тоқтоғұл мен Абайдай, Шыңғыс пен Мұхтардай аталарымыз салған ізбенен жалғасқан. Тарихи мұрамызды ұмытпай, келешек буынға жеткізуді негізгі мақсатымыз деп есептеймін. Өз тарапымнан өзара қарым-қатынасымызды одан әрі ілгерілетуге дайынмын. Біздің негізгі күшіміз – екі елдің ынтымағы мен бірлігі» деді Қырғыз Республикасы Президенті.

Бұдан бөлек, келіссөз барысында тараптар саяси, көлік-транзит, су, аграрлық және цифрландыру салаларындағы ықпалдастықты нығайту мәселелерін талқылады. Мәдени-гуманитарлық байланыстарды өрістетуге ерекше мән берілді. Сонымен қатар өңірлік және халықаралық күн тәртібі қарастырылды.



ЫҚПАЛДАСТЫҚ ҚАЛАЙ ТЕРЕҢДЕЙДІ?

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Садыр Жапаровтың төрағалығымен Қазақстан мен Қырғызстан Жоғары мемлекетаралық кеңесінің жетінші отырысы өтті. Мемлекет басшысы бауырлас қырғыз еліне шақырғаны үшін Садыр Жапаровқа алғыс айтып, бұл ресми сапарының мақсаты – қазақ-қырғыз байланысын нығайтып, өзара тиімді ынтымақтастықты күшейте түсу екенін жеткізді.

«Біз жоғары саяси диалогтың арқасында екі елдің ықпалдастығын жаңа сапалы деңгейге көтереміз. Мен бұған кәмілсенемін. Қасиетті Алатаудың қос қыраны сияқты қазақ пен қырғыз – ежелден еншісі бір, тағдыры ортақ ағайынды халықтар. Қиын сәтте бір-біріне демеу, қуанышты күнде тілеулес бола білген елдер. Тарихтың талай тезінен аман өткен достығымыз – ата-бабадан қалған аманат, ұрпақтан ұрпаққа берілген рухани қазына. Қазір қос халықтың арасындағы қарым-қатынас өзара сенім мен сыйластыққа негізделген берік әріптестікке ұласты. Екі елдің байланысы одақтастық рухында дамып келеді. Қырғызстан – Қазақстанның аймақтағы басты стратегиялық серіктесінің бірі. Екіжақты сауда-саттық көлемі шамамен 2 миллиард долларға жетті. Бұл көрсеткішті еселеуге барлық мүмкіндік бар. Инвестициялық ынтымақтастық жылдан жылға нығая түсуде. Соның арқасында түрлі бірлескен жобалар табысты жүзеге асырылды. Су-энергетика саласында өзара үйлесімді жұмыс атқарылып жатыр. Мәдени-гуманитарлық саладағы байланысымыз да күшейіп келеді» деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысының айтуынша, еліміз Қырғызстанмен ықпалдастықты тереңдете түсуге айрықша көңіл бөледі. «Былтыр Одақтастық қатынастарды кеңейту туралы тарихи шартқа қол қойдық. Бүгін біз Ынтымақтастықтың кешенді жоспарын қабылдаймыз. Осы маңызды қадамдар қазақ-қырғыз байланысын дамытуға тың серпін береді деп сенемін. Екі елдің үкіметтері бұл жоспарда көрсетілген мақсат-міндеттерді басшылыққа алуға тиіс» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қырғызстан Президенті Қазақстанмен достық, тату көршілік және бекем бауырластық рухындағы қарым-қатынасты жан-жақты нығайтуға бейіл екенін жеткізді. «Қазақстан – біздің ең жақын көршіміз, Қырғызстанның сыртқы саясатында ерекше орын алатын бауырлас ел, негізгі сауда серіктестеріміздің бірі. Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, Сіздің қолдауыңыздың арқасында мемлекеттеріміздің арасындағы стратегиялық ынтымақтастық пен одақтастық қатынастар нық дамып келе жатқанын айрықша атап өткім келеді. Біздің халықтарымыз ертеден достық пен келісімде өмір сүрді, бір-бірін қолдап отырды. Қалыптасқан татулығымыздың негізінде біз барлық мәселені бірлесе шеше аламыз деп сенемін. Өйткені қырғыз бен қазақ – егіз секілді ұқсас елдер. Ұлы Абай «Еш қазақ қырғыз бен қазақтың бір тұқымдас екеніне таласпайды» деген» деді Садыр Жапаров.

Отырыс барысында сауда-экономикалық, көлік-транзиттік, су-энергетикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастық мәселелері қарастырылды. Жиында екі елдің салалық министрліктері мен ведомстволарының басшылары баяндама жасады.

Қазақстанның Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек пен Қырғызстанның Ғылым, жоғары білім және инновация министрі Бақтияр Орозов Ош мемлекеттік университеті базасында Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің филиалы ашылғанын мәлімдеді. Келіссөздер қорытындысы бойынша Қазақстан мен Қырғызстан мемлекеттері басшыларының Бірлескен мәлімдемесі қабылданды. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев пен Садыр Жапаров Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы Жоғары мемлекетаралық кеңесі жетінші отырысының шешімдеріне қол қойды. Ресми делегация мүшелері екіжақты тауар айналымын 2030 жылға қарай 3 миллиард долларға дейін ұлғайту бойынша Жол картасы және басқа да үкіметаралық, ведомствоаралық құжаттармен алмасты.


«АЛТЫН ҚЫРАН» ОРДЕНІМЕН МАРАПАТТАДЫ

Мемлекет басшысы Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаровты «Алтын Қыран» орденімен марапаттады. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев марапаттау рәсімінде Садыр Жапаровты қырғыз халқын алға бастап келе жатқан нағыз көшбасшы, білікті саясаткер деп білетінін айтты.

«Қырғызстанды көркейту жолындағы қажырлы еңбегіңізді жоғары бағалаймыз. Салиқалы саясатыңыздың арқасында еліңіз дамудың жаңа кезеңіне қадам басты. Қырғыз экономикасы жоғары қарқынмен дамып келеді. Өзіңіздің бастамаңызбен түрлі салада тың, ірі жобалар жүзеге асырылып жатыр. Әлеуметтік салада, ғылым-білім жүйесінде ауқымды өзгерістер жасалуда. Мұның барлығы қырғыз елінің экономикасын нығайтып, халықаралық сахнадағы абырой-беделін арттыра түсетіні сөзсіз. Сіздің көреген қадамдарыңыз аймақтағы бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайтуға септігін тигізді. Парасатты басшылығыңызбен бауырлас қырғыз жұрты бұдан да биік белестерді бағындыра беретініне кәміл сенемін» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

АТЫМЫЗ БЕН ЗАТЫМЫЗ ҰҚСАС

Мемлекет басшысы Қазақстанда бір туған бауырлас ел ретінде Қырғызстанның барлық жетістіктеріне шын жүректен қуанатынын жеткізді. «Қазақ пен қырғыз – ежелден еншісі бір, ағайынды халықтар, салт-дәстүрі мен тарихы ортақ елдер. Біздің тіліміз бен діліміз, атымыз бен затымыз – ұқсас. Бүгінде елдеріміз арасында өзара сенім мен сыйластыққа негізделген қарым-қатынас орнаған. Одақтастық рухындағы байланысымыз нығайып келеді. Қос мемлекеттің стратегиялық әріптестігі қарқынды дамып жатыр. Сіз бұл іске өлшеусіз үлес қосып жатсыз. Бірлескен күш-жігеріміздің арқасында қазақ-қырғыз ықпалдастығы жаңа қарқын алды. Стратегиялық әріптестікті тереңдетуге бағытталған тың бастамалар көтерілді. Мемлекеттеріміздің мүддесіне сай жаңа ортақ жобалар қолға алынды. Маңызды бастамалар қос халыққа тән шынайы бауырластықты көрсетіп, достығымызды одан әрі бекемдей түседі деп санаймын. Қазіргі алмағайып кезеңде осы ынтымағымызды күшейтудің айрықша мәні бар. Себебі біздің мызғымас бірлігіміз – баға жетпес байлығымыз. Қырғыздың залқар ақыны Тоқтағұл Сатылғановтың «Жақсы адамның белгісі – ел қамы үшін күйінер» деген сөзі бар. Сіз қырғыз елін өркендету жолында табанды еңбек етіп, халқыңызға адал қызмет етіп келесіз. Сондай-ақ халықтарымыз арасындағы достық қарым-қатынасты нығайта түсуге орасан зор еңбек сіңіріп жатсыз. Мұны барша қазақ жұрты жақсы біледі. Осыған орай, мен Сізді Қазақстан Республикасының ең жоғары мемлекеттік наградасы – «Алтын Қыран» орденімен марапаттау туралы шешім қабылдадым. Бұл награда – Қазақ елінің Сізге және бүкіл қырғыз халқына деген ерекше құрметі мен шынайы алғысының риясыз белгісі» деді Президент. Садыр Жапаров Қазақстан Республикасының жоғары мемлекеттік наградасымен марапаттағаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа және қазақ халқына алғыс айтып, мұны Қырғыз еліне көрсетілген сый-құрметтің белгісі ретінде қабыл алғанын жеткізді. Сондай-ақ бұл екі елдің стратегиялық серіктестігі мен одақтастығының жоғары деңгейін айқындайтынын атап өтіп, уақыттың барлық сынынан өткен ынтымақтастықтың алдағы кезеңде де нығая беретініне сенім білдірді.



ЖАҢА СТАНЦИЯ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек елордада жаңадан салынып жатқан су құбыры мен төртінші сорғы-сүзгі станциясының құрылысымен танысты.

«Елорда тұрғындарының жыл сайынғы өсімін ескере отырып, тіршілікті қамтамасыз ету нысандарының қуатын жоспарлы әрі кезең-кезеңімен арттыру жұмысын жүргізіп жатырмыз. Біз қазірдің өзінде газ жылу станцияларының (ГЖС) құрылысы есебінен қаланың жылу қуатын ұлғайттық. Бұл өз кезегінде жаңа нысандарды пайдалануға беруге мүмкіндік жасайды. Сол сияқты жаңа ГЖС, қосалқы электр станциялары салынуда, олардың арасында қолданыстағы нысандар да жаңғыртылып жатыр. Өздеріңіз білетіндей, 2023 жылдың көктемінде су мәселесі болды. Сол жылы жазда жаңа су құбыры мен үшінші сорғы-сүзгі станциясы (ССС-3) іске қосылды. Қазіргі уақытта қалада қуат тапшылығы жоқ. Бұдан бөлек, алдағы жылдарға арналған қор да бар» деп жазды шаһар басшысы өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында.

Жеңіс Қасымбектің айтуынша, Астананы қосымша тұрақты сумен қамтамасыз ету үшін «Телман» сорғы станциясында техникалық су құбырын салу жобасы жүзеге асырылып жатыр.

Техникалық су құбырының екінші желісін салу арқылы «Тельман» бірінші көтеру сорғы станциясы тәулігіне 160 мың м³ жобалық қуатына толықтай шығады. Сонымен қатар, Нұра жерасты су орнында су құбырын салу жобасын әзірленген.

«Ұзақмерзімді шаралар аясында Қ.Сәтбаев атындағы арнадан жаңа су құбыры мен төртінші сорғы-сүзгі станциясын (ССС-4) салуды бастадық. Су алу нысанының өнімділігі – тәулігіне 342 мың м³. ССС-4 қуаты – тәулігіне 210 мың м³. Аталған жобаны іске асыру 2035 жылға дейін халықты таза ауыз сумен қамтамасыз етуге қажетті қуат береді. Сондай-ақ Хусейн бен Талал көшесінен Сығанақ көшесіне дейінгі су құбырын тұйықтау жобасы әзірленіп жатыр. Бұл жоба Тұран даңғылының батысындағы ауданды сумен қамтамасыз етеді. Жобалау жұмысы 2025 жылдың желтоқсанында аяқталады деп жоспарланып отыр» дейді Ж.Қасымбек.

ӘСКЕРИ БАСҚАРУ НЫСАНДАРЫН АРАЛАДЫ

Күзгі әскерге шақыру науқаны қарсаңында Астана қаласы мәслихатының төрағасы Табиғат Зейнұлқабден бастаған мәслихат депутаттар жергілікті әскери басқару органдарының нысандарын аралады.



Аралау барысында Астанада медициналық комиссиялар өткізуге және шақырылушылармен жұмыс істеуге барлық жағдай жасалғаны айтылды.

Сонымен қатар жастардың әскерге баруға неге құлықсыз екендігі, әскери қызметтің беделін арттыру және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ата-аналардың алаңдаушылығын азайту сияқты маңызды мәселелер талқыланды.

Қалалық мәслихат төрағасының мәліметінше, жуырда Мемлекет басшысы тиісті заңға енгізілген түзетулерге қол қойды. Енді әскерге шақыру тек қағаз түрінде ғана емес, SMS арқылы немесе eGov порталы арқылы да жолданады. Дегенмен, қағаз түріндегі шақыру сақталады. Ол шақырылушыдан қолхат алу арқылы тапсыталады немесе пошта арқылы жеткізіледі. Одан бас тартуға болмайды. Кез келген жағдайда хабарлама ресми болып саналады.

Шақыру қағазын алған соң, әскери комиссариатқа дәлелді себепсіз бармау әкімшілік жауапкершілікке әкеп соғып, ескерту жасалады немесе 5-тен 10 АЕК-ке дейін айыппұл салынады. Бір жыл ішінде қайталанған жағдайда айыппұл мөлшері 15-20 АЕК-ке дейін ұлғаюы мүмкін.

Аралау қорытындысында депутаттар әскерге шақырылушыларға заманауи көзқарас пен құрметпен қарау әскери қызметті қауіпсіз әрі беделді етуге септесетінін, әскери қызмет қазақстандық жастарға лайықты таңдауға айналатынына ықпал ететінін атап өтті.

ТҰРҒЫНДАРҒА АРНАЛҒАН ШАРА

Астана қалалық Денсаулық сақтау басқармасы мен Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры (МӘМС) бірлесіп, «Сарыарқа» сауда орталығында «Денсаулық аралдары» шарасы аясында ашық есік күнін өткізді.

Шарада қала тұрғындарына медициналық сақтандыру жүйесі туралы толық ақпарат беріліп, өз құқықтарына қатысты сауалдарға жауап берілді. Мамандар медициналық сақтандырудың тиімді тұстарын түсіндіріп, азаматтардың қандай жағдайда тегін медициналық көмек ала алатынын және сақтандыру пакетіне кіретін қызмет түрлерін жан-жақты баяндады.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, шараның басты мақсаты – халықтың медициналық қызметтерді толық әрі тиімді пайдалануына көмектесу және артық қаржылық шығындарды азайту.

«Біз үшін ең маңыздысы – халықтың медициналық сақтандыру жүйесіндегі өз құқықтарын толық білуі. Әр азамат қандай қызмет түрін тегін ала алатынын және қандай жағдайда қосымша ақы төлемейтінін нақты түсінуі қажет. Бүгінгі ашық есік күні тұрғындармен бетпе-бет жүздесіп, көп сұраққа жауап беруге мүмкіндік берді. Мұндай шаралар алдағы уақытта тұрақты өтеді» деді Астана қалалық Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының бөлім басшысы Шынар Сатылқанқызы.

ЕСЕПТЕ 900-ГЕ ЖУЫҚ АДАМ ТҰР

Астана қаласы әкімінің орынбасары Ерік Мейірхановтың төрағалығымен нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмыс тобының отырысы өтті. Онда «Астана – есірткісіз қала» жоспарының іске асырылуы талқыланды.



Астана қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Әлия Рүстемованың айтуынша, бүгінде қалада диспансерлік есепте 891 адам тұр, бұл өткен жылдың көрсеткішінен 8%-ға аз. Биыл алғаш рет 34 адам есепке алынған, олардың 19-ы – синтетикалық есірткі тұтынушылары. Бұл көрсеткіш кейінгі екі жылдағыдан төмен.

Жиында Ерік Мейірханов профилактикалық жұмысты күшейтудің маңыздылығын ерекше атап өтті.

«Нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күресте ақпараттық-профилактикалық жұмыс шешуші рөл атқарады. Ол жүйелі, кешенді әрі үздіксіз жүргізілуі тиіс. Бір реттік іс-шаралар тиісті әсер бермейді және ұзақ мерзімді нәтиже қамтамасыз ете алмайды» деді ол.

Бүгінде мемлекеттік органдармен бірлесіп, елордада нашақорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл бойынша 400-ден астам іс-шара өткізілген. Бұл алдыңғы жылдармен салыстырғанда әлдеқайда көп және халықтың барлық жас тобын қамтиды. Ал отырыс қорытындысымен мемлекеттік органдардың басшыларына 2026-2028 жылдарға арналған жаңа жоспар жобасын әзірлеу тапсырылды. Жаңа құжатта жастарды есірткіден қорғаудың нақты шаралары қарастырылмақ.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

08.08.2025 №510-2680

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында, Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Астана қаласы «Байқоңыр» ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне қоса беріліп отырған қосымшаға сәйкес «Абаттандыру» объектісінің іздестіру және жобалау жұмыстарын жүргізу үшін, Астана қаласы, «Байқоңыр» ауданы, А.Жұбанов және Е.Брусиловский көшелерінің аралығында мекенжайында орналасқан, жалпы ауданы 0,0164 га жер учаскесі 2025 жылғы 8 қарашадан бастап 2026 жылғы 8 қарашаға дейін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп, оның ішінде сатып алу жолымен иеліктен шығарылсын.

2. «Астана қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін үш күнтізбелік күннен кешіктірмей жер пайдаланушыға мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесі және басқа жылжымайтын мүлік алдағы уақытта мәжбүрлеп иеліктен шығарылатындығы туралы жазбаша хабарлама жолдасын және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіпте, сондай-ақ осы қаулыдан туындайтын басқа да іс-қимылдарды орындасын.

3. Қаржыландыру және осы қаулының орындалуына жауапкершілік Басқармаға жүктелсін.

4. Жер пайдаланушы алдағы уақытта жүргізілетін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарлама алған сәттен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде Астана қаласының әкімдігіне тиісті өтініш беру жолымен келісім рәсімдеріне бастама жасауға құқылы.

5. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

Астана қаласының әкімі Ж. Қасымбек

Астана қаласы әкімдігінің 2025 жылғы « 08» 08 № 510-2680 қаулысына қосымша

Мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын жер учаскесі

Р/с №	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Жер пайдаланушы	Жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Алып қойылатын жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Құқығы
1	2	3	4	5	6	7	8
1.	21-324-032-773	Кадыралыева Савилет, Дуйшеев Уланбек	74	72	Астана қаласы, «Байқоңыр» ауданы, А.Жұбанов көшесі, №29/2 ғимарат	Дүкенді пайдалану	19.05.2052ж. дейінгі мерзімге уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану

№99 (4843) 23/08/2025 Сенбі





БҮЛІНГЕН БОРДЮР: СЕБЕБІ МЕН САЛДАРЫ

Мұндай көріністер елорданың қай маңынан болса да байқалған еді. Сондағы көргеніміз – көше асфальтінің шетіне қойылған жиектастың (бордюр) жиі бүлінуі. «Нұржол» бульварындағы қапталған граниттік жалпақ тастардың сынуы не жарықшақ түсуі. Әрі ол бір емес, бірнеше жерден көрінсе... Енді бұл көзге түрпідей көрінер көрініс қалай пайда болғанын аздап таратсақ.

Ержан ҚОЖАС

ҚАНДАЙ УӘЖ АЙТАДЫ?

Жұмыс орнымыз һәм тұрар пәтеріміз Есіл ауданында болған соң жоғарыдағы кемшілікті күнде көреміз. Қыстан келіп қайтар уақытта бүлінген, сынған бордюр мен басқасын байқаймыз. Ал Астана орталығы аталған аудан шекарасында болғандықтан, біз әкімдіктегілерге сұрау салдық. Білгіміз келгені – мәселенің нақты шешімі.

«Қыс мезгіліндегі қардан тазарту жұмыстары кезінде тротуарлар мен алаңқайлардағы бордюрлер мен керамогранит сияқты материалдар бүлінуі мүмкін. Бұл – қарды арнайы техникамен тазарту барысында туындайтын, техникалық тұрғыдан болдырмауы қиын үдеріс. Бүлінген учаскелер мердігер ұйымның өз қаражаты есебінен көктемгі, жазғы және күзде, қолайлы ауа райы жағдайына қарай біртіндеп қалыпқа келтіріледі. Аудан аумағындағы мұндай ақауларды жою жұмыстары тұрақты бақылауда» деп жауап берді Есіл ауданы әкімдігінің өндірістік-техникалық бөлімінің басшысы Фархад Мойынов.

Жалпы асфальт жабындасын жаңадан төсеген кезде жол жиектастарын бірге орнату салалық басқарманың құзіретіне кіреді. Дұрысы, жол құрылысын тендерден ұтып алған компания ол жұмыстарды қоса атқарады. Ал уақыт өте келе көше не тротуарлардағы тозған бордюр, брусчатка немесе граниттік тастарды қалпына келтіруге әр аудан әкімдігі, сондай-ақ белгілі бір мерзімге дейім кепілдеме берген құрылыс салушы мекеме жауапты көрінеді.

КӘСІПОРЫН КЕМШІЛІКТІ МОЙЫНДАЙДЫ

Расымен солай. Елорданың басты көшелерінің 43 пайызын қысы-жазы тазалайтын «Астана Тазалық» ЖШС аталған ақаудың болатынын жасырған жоқ. Керісінше, мойындап отыр.

«Қыстықүні жол жиектерін қардан тазарту кезінде жиектастың зақымданатыны рас. Бұл бірқатар факторларға байланысты. Мысалы, қар мен боран жағдайында жол жиегін қардан аршу қиындық тудырады. Мұз болып қатып, қардың қалыңдығынан жол жиегі көрінбей жатады. Мұндайда жиекті тазалап келе жатқан автогрейдер не «погрузчик» деп аталатын техниканың қар итергіш бөлігі бордюрға тиетіні анық. Бұған қоса кейбір көшелердің бұрылыс жолағы (Әр үлкен көшедегі бағдаршамға таяу орналасқан, оң бағытқа бұрылуға арнайы істелген бір жолақты жолды айтуды – автор) мен аялдамаға кіреберіс жолдар да аталған техникаларға тарлық етеді. Мұндай жағдайда ең тәжірибелі деген көлік жүргізушілеріне де жолдың шекара сызығының нақты қай жерде екенін анықтау өте қиын. Бұған қоса, жаяу жүргіншілер жолын қар мен мұздан аршығанда не ойған кезде жол жұмысшылары да брусчатканы сындырып алуы әбден мүмкін» дейді серіктестіктің техниканы пайдалану бөлімінің басшысы Тимур Ахметов.

Оның сөзінше, «Астана Тазалық» ЖШС осындай жағдайларды барынша азайту үшін қажет шараларды қабылдауда. Қысқы маусым басталарда қауіпсіз жұмыс істеу бойынша жүргізушілерге міндетті түрде нұсқаулық беріліп, арнайы оқыту жүргізіледі.

«Екіншіден, қысқы тазалық кезінде арнайы көліктің қар күрейтін пышағы жолдың бедеріне байланысты реттеліп отырады. Ал кейбір күрделі учаскелерде техниканың қар массасында жүруіне көмектесетін уақытша сигналдық тақталар қосымша орнатылады. Біз барынша жолды қардан тазалауды күндіз орындауға тырысамыз. Ол кезде аталған жол жиегіндегі бордюрларды бүлдіру қаупі азаяды. **Жалпы нарықта резеңке және полиуретанды пышақтар бар, олар мұндай тасты зақымдамайды. Алайда Астана жағдайында олар тиімсіз. Өйткені біздегі температура айтарлықтай өзгеріп тұрады. Сондықтан мұндай пышақтар тез тозып, жиі ауыстыруды талап етеді. Бұл – техниканы күтіп ұстауға кететін шығындарды көбейтіп отыр» дейді ол.**

Қалың қар жауған күндері кәсіпорын техникалары бар мүмкіндігін салатын көрінеді. Серіктестіктің автопаркіне де күш түсетін уақыт осы кез. Арнайы тазалық машиналары жеткіліксіз екені рас. Мұндай қауырт жұмыста серіктестік өз техникасымен бірге қосымша мердігерлік ұйымдардың техникасын жұмысқа тартатынын айтып отыр.

«Бұл жүргізушілер де міндетті түрде нұсқау алады, ал мердігерлер жұмыс сапасына жауап береді. Егер аталған жол бөліктері зақымданса, оларға айыппұл салуға дейін барамыз. Сондай-ақ нарықта жол жиектері мен тротуарларды тазартуға арналған арнайы техникалар бары рас. Кәсіпорынның жоспарында дәл осындай машиналарды сатып алу қарастырылып жатыр. Бұл – жаяу жүргіншілер мен үлкен жолдардың тар учаскелеріне сапалы әрі қауіпсіз қызмет көрсетуге мүмкіндік бермек» дейді Тимур Қайырбекұлы.





Сұлтан СЕЙІТ

«Астана Тазалық» мекемесі қар мен көктайғаққа қарсы күресте ерітуші реагенттерді (тұз қосылған арнайы концентратты қоспа мен тайғаққа қарсы «Айсмикс» реагенті) өте сақтықпен қолданатынын айтып отыр. Жалпы оны шамадан тыс пайдалану қаланың экологиясына әсер етіп, топырақтың тұзденуіне әкеледі. Тал мен бұталардың өсуіне теріс әсер етуі мүмкін. Сондықтан бұл қоспа тек тар көшелердің түйіскен жерінде, бағдаршам алдында, көпірлерге мініп-түсу аймағына көбірек себіледі.

«Ал арнайы техника бара алмайтын аялдама немесе жол жиегіне тақау орналасқан арнайы жүргіншілер жолын жол жұмысшылары тазалайды. Қарды күрейді, бір жерге үйіп, оны қар тасушы жүк көлігіне тиейді. Ол жерде қар күндіз еріп, түнгі суықта мұзға айналған кезде арнайы құралдарды қолданып, ойып кетіреді. Бұл – тұрғындардың жолда жүру қауіптілігін азайтады. Жалпы қыста біздің мекемеде 700-ге дейін жол жұмысшысы болады» дейді техниканы пайдалану бөлімінің басшысы.

> Қыс мезгіліндегі қардан тазарту жұмыстары кезінде тротуарлар мен алаңқайлардағы бордюрлер мен керамогранит сияқты материалдар бүлінуі мүмкін. Бұл – қарды арнайы техникамен тазарту барысында туындайтын, техникалық тұрғыдан болдырмауы қиын үдеріс. Бүлінген учаскелер мердігер ұйымның өз қаражаты есебінен көктемгі, жазғы және күзде, қолайлы ауа райы жағдайына қарай біртіндеп қалыпқа келтіріледі. Аудан аумағындағы мұндай ақауларды жою жұмыстары тұрақты бақылауда

ӨЗГЕ ЕЛДЕР ТӘЖІРИБЕСІН БӨЛІССЕК..

Қыста қаланы қардан аршу жалғыз Қазақстан ғана емес, өзге елдерде күрделі мәселе болғандай. Бірақ дамыған әрі табиғаты қатал өзге елдерінде қар тазалау деген атымен жоқ. Айталық, Канада, Финляндия және Норвегия сияқты мемлекеттер көше жолдарының астына жылу желілерін тартқан. Яғни қар жауғанмен жылы асфальт үстінде жылдам еріп кетеді. Ал оның еріген суы арнайы кәріз құдығына құйылып, тиісті жерге шығарылатыны да рас. Кейде бұл елдерде де арнайы жол жиектерінде тығыз қар массаларын болдырмау үшін жолдарды реагенттермен, яғни қар-мұз ерітуші қоспалармен өңдейтін көрінеді. Мойындау керек, біздің Астанада жоғарыда айтқандай, қарды техникамен тазалау, арнайы химиялық қоспалармен еріту және жиылған қар мен мұзды қала сыртына жүк көлігімен шығару жұмысы ғана іске асуда.

Ал көрші Ресейдің астанасы – Мәскеуде басқа тәжірибе бар. Бұл қалада озық үлгідегі техниканы пайдалана отырып, қарды қаланың әр ауданындағы бір орынға жинайды. Оны сонда ерітіп, тиісті құбырмен қала сыртына ағызып жіберетінге ұқсайды.

«Біздің елордада бұл тәжірибе болды. Тұран көшесінде қар еріткіш арнайы орын жабдықталғаны рас. Бірақ жоба тиімсіз әрі шығыны көп болып шықты. Өйткені қар еріткіш құрылғы дизельмен жұмыс істейді. Бұл – бюджеттік шығын. Екіншіден, одан шыққан түтін қала экологиясына зардап әкелетіні рас. Ең бастысы – жол бөліктеріне зиян келтірмеу үшін «Астана Тазалық» ЖШС басқа шетелдік тәжірибені мұқият зерттеп, оны Астана жағдайына бейімдеуді мақсат етіп отыр. Жалпы айтсақ, техника паркін әлде де жаңғырту, сенімді мердігерлерді тарту және көше-жол желісін қысқы күтіп ұстауды тиімді және қауіпсіз ету үшін қаланы тазалау технологиясын жетілдіру – алдағы уақыттың еншісінде» дейді Тимур Қайырбекұлы.

Айта кетейік, аталған компанияда 400-ден астам техника бар. Ал осының ішінде қыс айында қар тазалауға бөлінген арнайы көлік те жоқ емес. Мысалы, 58 қар таситын, 25 грейдер, 120 қар сыпырғыш, 20-ға жуық арнайы тұз қосылған қоспаны шашушы, 30 трактор және елуге жуық қар тиегіш көлік түрі жұмыс істейді. Мұның арасында 30 шақты шетелден келген (Германия, Швеция, Италия) арнайы техника да жүр. Айталық, «Мерседес-Шмит» техникасының міндеті – жауған қарды жылдам үрлей отырып тазалап, еш қалдықсыз жолды тазалау, яғни, бұл – әмбебап көлік. Сонымен қатар, кәсіпорын өз техникаларын тек қыста ғана емес, жылдың төрт мезгілінде жұмыс істеуге қауқарлы, көпфункционалды көлікке айналдыруды мақсат етіп отыр.

Айтылған уәж әзірге осындай. Қысқы тазалау кезінде қауіпсіздік артса да жол бөліктерін бүлдіру – келеңсіз көрініс. Жылда жаңартып, бүлінген бордюр мен брусчатканы ауыстыру мердігер үшін де оңай емес. Бізге, яғни бас қалаға қысқы тазалықтың басқаша қарекеті әбден керек сияқты. Бұған тәжірибелі мамандар, жаңашыл ғалымдар не дейді?..

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

ҚАЙТУЫ ЖОҚ САПАРҒА АЙНАЛҒАН ШЕТЕЛДІК БІЛІМ

Кейінгі жылдары Қазақстанда баласын шетелде оқытуға немесе шетелге біржола көшіруге бар күшін салатын ата-ана көбейіп келеді. Бұл үрдіс тек қалталы ортада ғана емес, орта тап пен тұрмысы төмен отбасылар арасында да байқалуда. Көп жағдайда ата-ана баласының болашағы үшін үйін сатып, несиеге батып, тұрмыстық тұрақтылығын тәуекелге тігеді. Соның салдарынан баласының болашағы үшін қарызға белшесінен батқан отбасылар саны артып, кейбірі бірнеше жыл бойы қиналып, тіпті үйсіз-күйсіз қалады. Шетелде оқып, сол елде қалып, басқа ұлттың етегінен ұстап, шаңырақ көтерген жастар да аз емес...



«Ұлымды Жапонияға оқуға жіберу үшін ипотекаға алған үйімді саттым» дейді Қайрат есімді азамат. Бұл – жалғыз Қайраттың ғана басындағы жағдай емес. Мұндай мысалдарды ауылдан да, қаладан да көптеп кездестіруге болады. Бұрын байлар баласын шетелден оқытуды сән көрсе, қазір екінің бірі, егіздің сыңарының баласын шетелден оқытуға аңсары ауған. Жерін сатқан, көлігін өткізген, несиесін қайта-қайта «рефинанс» еткен жандардың бар арманы – бала шетелден білім алып, жақсы ақша тапса екен деген тілек. Бірақ бұл үміт көбіне қайтарымсыз кететін инвестицияға айналып отыр. Оқуға кеткен баланың дені туған елге оралмайды. Оралған күннің өзінде, алған білімі ел ішінде қажет болмай, мамандығына сай жұмыс таба алмай, тағы да шетелге кетудің жолын іздейді. Сөйтіп бұл оқу көп отбасы үшін «қайтарымсыз билетке» айналады – бала кетеді, ал ата-ана туған елде қолғанатсыз қалады. Ендеше, неліктен бұл құбылыс жиіледі?

Біріншіден, еліміздегі білім жүйесіне сенімнің азаюы. ЖОО-лардың сапасына, дипломның құндылығына, мамандықтың нарықтағы өтімділігіне күмән көбейді. Яғни сапалы білім тұрғысынан алғанда, әлемдегі үздік университеттер – АҚШ, Ұлыбритания, Канада, Аустралия секілді елдерде. Жастар сол оқу орындарынан сапалы білім алып, жаһандық деңгейде бәсекеге қабілетті болғысы келеді. «Болашақ» сияқты бағдарламалар және басқа да халықаралық стипендиялар ағылшын тілін меңгерген жастар үшін мол мүмкіндік туғызады. Жастар ағылшын тілін үйрену арқылы әлеммен байланыс орнатқысы келеді. Шетелге барған немесе шетелдік өмір салтымен танысқан жастардың әсері де басқашалау болуы мүмкін.

Екіншіден, еңбек нарығындағы әділетсіздік. Байланыс, пара, «таныс арқылы» жұмысқа тұру – жас мамандардың сағын сындырады. Ал саяси тұрғыдан кейбір жастар батыс елдеріндегі еркін пікір, ашық қоғам моделіне қызығады.

Үшіншіден, экономикалық себеп. Қазақстандағы орташа жалақы шетелмен салыстырғанда төмен. Жастар еңбекке лайықты ақы алғысы келеді. Ел ішіндегі жұмыссыздық пен таныс арқылы жұмысқа тұру проблемасы жастарды үмітін үзуге итермелейді.

Қысқасы, Қазақстандағы болашақ туралы үміттің көмескі тартуы – шетелге аңсары ауудағы басты факторлардың бірі. Кей жастар ата-анасына, бауырларына көмектесу үшін шетелде жұмыс істеп ақша жібергісі келеді. Бұл жағдай бірнеше тұрғыдан қауіпті:

Ең бастысы, кей ата-ана шынайы мүмкіндігі мен әлеуметтік мәртебесін салыстырмайды. Өйткені, жергілікті жерде де сапалы білім алуға болады. Шетелде оқу – тек оқу ақысы емес, сонымен бірге өмір сүру шығыны, тілдік бейімделу, менталдық күйзеліс, жалғыздық және т. б. қиындықтар бар. Барын сатып, қарызданып жіберген жастардың көбі кейін ата-анасына көмектесе алмай, өзі де тығырыққа тіреліп қалуы мүмкін.

Қоғамдық психоз, «бәрі кетіп жатыр» деген көзқарас басым. Қазір кей отбасылар жұрттан қалмау үшін көшуге немесе оқытуға тырысады. Бұл – шын мәнінде тұлғалық емес, топтық шешім. Бірі көшкен соң, екіншісі де солай істеуге мәжбүр сезінеді.

Ұлттық ресурстың сыртқа ағу қаупі бар. Кедей де, бай да елден кетуге ұмтылса, ел ішіндегі интеллектуалдық және адами капитал азаяды. Көшкендер де, кеткен соң артында күтімге мұқтаж ата-анасын, кең даласын, тілі мен ділін қалдырып кетеді. Бұл – ұлттық тұтастыққа қауіп.

Шетелде бәрі «жасыл» емес. Шетелге кету – табысқа жету емес. Жастар ақша үшін қара жұмыс істеп, мамандығына сай келмейтін тірлікпен айналысып жүр. Көбі уақытша статуспен, арзан жұмыс күші ретінде өмір сүруде. Эмоциялық және мәдени шеттетілу салдарынан өзін жоғалтып алатындар да бар.

Қорытып айтқанда, қазақстандық ата-аналардың баласына жасаған инвестициясы – бұрын ел ішінен білім беру, тұрмысын түзеу болса, енді елден тыс жерге жол ашу болып тұр. Бұл – қауіпті үрдіс. Себебі ел болашағы – елде қалатын жастарға ғана байланысты. Сондықтан, ата-аналар баланың қабілеті мен қызығушылығын ескере отырып шешім қабылдауы, «жұрт не дейді» емес, өз жағдайына сай жолды таңдауы; шетелге кету – соңғы мүмкіндік емес, бір ғана жол екенін түсінуі қажет.

Біздің бұл тақырыпты қаузаудағы басты мақсат та ата-аналарды кінәлау емес. Олар – өз баласының қамын жеген қамқор жандар. Мәселе – сол ата-анаға ел ішінде баласының болашағын елестете алатындай орта қалыптастыра алмауда. Егер ел ішінде сапалы білім, әділ еңбек нарығы, тұрғын үйге қолжетімділік, әлеуметтік кепілдік болса – ешкім де барын салып, бөтенге телмірмес еді. Бұл да ескеретін мәселе.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ АТА-АНАЛАРДЫҢ БАЛАСЫНА ЖАСАҒАН ИНВЕСТИЦИЯСЫ – БҰРЫН ЕЛ ІШІНЕН БІЛІМ БЕРУ, ТҰРМЫСЫН ТҮЗЕУ БОЛСА, ЕНДІ ЕЛДЕН ТЫС ЖЕРГЕ ЖОЛ АШУ БОЛЫП ТҰР. БҰЛ – ҚАУІПТІ ҮРДІС. СЕБЕБІ ЕЛ БОЛАШАҒЫ – ЕЛДЕ ҚАЛАТЫН ЖАСТАРҒА ҒАНА БАЙЛАНЫСТЫ

АЙТПАЙЫН-АҚ ДЕП ЕДІМ...

ДІННІҢ «САУДАҒА» САЛЫНҒАНЫ ДҰРЫС ПА?

Қазір әлеуметтік желіде діни тақырыпта контент жасайтын жандар көбейді. Әрине, жастарды имандылыққа, әдепке, қайырымдылыққа, отбасы құндылықтарын сақтауға шақырған дұрыс. Бірақ күмәнді жағы да бар. Олардың бәрінің діни білімі бар деп айтуға бола ма?!

Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ



Біле білген адамға дін – өте нәзік тақырып. «Ұстай алсаң – қасиетің, ұстай алмасаң – қасіретің» деп бекер айтылмаған. Діннің ең басты ерекшелігі – ол саудаға салынбайтын құндылық. Бізде қай заманнан бері имандылық, намаз, Құран туралы білім алу ақшаға байланып еді? Бұлай деуіміздің бір себебі, қазіргі уақытта діни құндылықтарды насихаттайтын жабық телеграмм каналдар көп. Кіру ақылы. Мамандардың пікірінше, жабық каналдардың қаупі жоғары. Ең алдымен ақша табу мақсатында ұйымдастырылатыны ақиқат, яғни ниет шынайы емес. Ешкім бақылamайтын болғандықтан, күмәнді ақпарат таралуы мүмкін.

«Дәл қазіргі уақытта осындай жабық парақшаларды тексеріп жатырмыз. Оны жүргізіп отырған әкімшілердің ешқандай діни білімі жоқ, кез келген ақпаратты сүзгіден өткізбестен салып отырады. Жалпы, осы бізге қажет пе, қажет емес пе деген сауал басты мәселеге айналып отыр. Жалпы, дінді үйренгісі келетіндер үшін мешіттерде, медреселерде тегін дәрістер бар. Ресми Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы (ҚМДБ) сайтында, имамдардың ресми парақшасында сенімді ақпарат орналастырылған. Сондықтан жабық, ақылы діни каналдарға тіркелу, түрлі курстарды сатып алу қауіпті. Жастардың сенімін пайдаланып, адастырып жіберуі де ықтимал. Дін – ақшаға сатылмайтын нәрсе. Біреу ақша төлей алмаса, ол имандылықтан құр қалмауы керек қой. Ақылы қылса, адамдар білім үшін емес, «ақша төлеген соң тыңдау керек» деп қалады. Бірақ тағы бір дүние бар айтатын. Кейбір ұстаздар тек техникалық шығынды жабу үшін (интернет, уақыт, арнайы курс жасау) ақша алуы мүмкін. Бірақ ол кезде де олар ресми, ашық түрде айтып, адамдарға түсіндіруі қажет. Яғни, шынайы діни білім тегін болуы керек, ал «қосымша сабақ» сияқты нәрселер ғана символикалық түрде ақылы болуы мүмкін» дейді елордалық теолог Исатай Бердалиев.

Оның айтуынша, жалпы ел аумағында діни мазмұндағы курстарды сатуға тікелей тыйым салу туралы заң жоқ. Бірақ, бұл әрекет бірқатар заңдармен қатаң реттеледі және шектеулер бар. Егер курсты ұйымдастырушы ресми тіркелген діни бірлестік болмаса, онда оның діни білім беру қызметін көрсетуі заңсыз саналады. Егер курстар білім беру бағдарламасы сипатына ие болса (яғни, жүйелі білім беру, сертификат беру және т. б.), онда оларды ұйымдастыру үшін мемлекеттік білім беру лицензиясы қажет.

Сондықтан мыңдаған аудиториясына діни мазмұндағы ақпарат таратып отырған азаматтар бұл ретте жауапкершілік барын ұмытпауы керек.

№99 (4843) 23/08/2025 Сенбі

ТАЗА МУЗЕЙ – ТАЗА БОЛАШАҚ

Астанада «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында қалалық Мәдениет басқармасының ұйымдастыруымен тазалық шаралары өткізілді.



Елорданың мәдени нысандарында тазалықты сақтап, қолайлы орта қалыптастыру мақсатында бірнеше іс-шара ұйымдастырылды. Соның бірі «Таза музей – таза болашақ» бастамасы «Таза Қазақстан. Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» атты кең ауқымды экологиялық акцияның бір бөлігіне айналды. Акция барысында Сәкен Сейфуллин музейінің қызметкерлері ғимарат маңын абаттандырып, аумақты қоқыстан тазартты, жасыл желектерге санитарлық күтім жасады. Сондай-ақ мұражай ғимаратының ішінде және ескерткіштер жанындағы алаңдарда да тазалық жүргізілді.

«Табиғатқа ұқыпты қарау мен тазалықты сақтау – бұл тек экологиялық қажеттілік қана емес, азаматтық мәдениеттің маңызды бөлігі. Әр адам өз айналасындағы тазалыққа жауапкершілікпен қарағанда, ол бүкіл қоғамның саналы әрекетіне айналады» деп атап өтті ғылыми қызметкер Азамат Серікұлы.

Оның айтуынша, акция түрлі жастағы адамдарды біріктіріп, табиғатты ғана емес, елорданың мәдени келбетін сақтауға қоғамның белсенді қатысуына тамаша үлгі болды.

ТЕАТР ТАЗАЛЫҚТАН БАСТАЛАДЫ

Елордадағы М.Горький атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театрының ұжымы «Театр киімілгіштен әрі тазалықтан басталады!» ұранымен 125-ші театр маусымының ашылуына орай тазалық жұмыстарын жүргізді.



Тазалық акциясына қатысушылар театрдың айналасын тазалап, аумақты ретке келтірді. Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Наталья Косенконың пікірінше, экологиялық бастамалардың маңызы сахнадағы премьералардан кем емес.

«Мәдениет қалаға және онда тұратын адамдарға деген құрметтен басталады» деді ол.

Ал актриса Ульяна Апрельскаяның айтуынша, сенбілікке қатысу ұжымға қоршаған ортаға ұқыпты қараудың маңызын түсінуге көмектесті.

«Қаланы көріктендіру үшін бірге атқарған жұмыс бізге ерекше қуаныш сыйлап, бірлігімізді арттырады» дейді актриса.

ИГІ ІСТІ «АЛЖИР» ЖАЛҒАСТЫРДЫ

«Таза Қазақстан» экоакциясы эстафетасын «АЛЖИР» мемориалды музей кешені ұжымы да жалғастырды.

Дәулеткерей Кәпұлы бастаған музей ұжымы «АЛЖИР» тұтқындары жерленген жерді қоқыстан тазартып, шөбін шауып, мұсылман және христиан әйелдеріне арналған ескерткіш белгілерді жуып тазартты. Іс-шара барысында «АЛЖИР» тұтқындарының рухын құрметпен еске алу мақсатында бір минут үнсіздік жарияланды. Сонымен қатар, аруақтардың рухына дұға оқылды.

«Таза Қазақстан» акциясы аясында музейге және оның маңына тазалық жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Өйткені табиғатымыз, өзіміздің өмір сүріп жүрген ортамыздың тазалығы өзімізге байланысты. Сондай-ақ барша қазақстандықтарды елімізді, жерімізді, Астанамызды таза ұстауға шақырамын» деді саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының «АЛЖИР» мемориалды музей кешенінің басшысы Дәулеткерей Кәпұлы.

Экоакцияға барлығы 15 қызметкер атсалысты.



ЭКОМӘДЕНИЕТ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Бас қаланың Байқоңыр ауданында экомәдениетті тұрақты дамыту мәселелері бойынша дөңгелек үстел отырысы өтті. «Таза Қазақстан» экологиялық бастамасы аясында өткен талқылауға мемлекеттік органдардың өкілдері, білім беру ұйымдарының қызметкерлері, қоғамдық ұйымдар және Eco Network сарапшылары қатысты.

Отырыста қоғамда тұрақты экологиялық мәдениетті қалыптастыруға қатысты мақсаттар мен міндеттер айқындалды.

Әсіресе, «Байқоңыр ауданында жүйелі экологиялық шешімдерді қалай енгізуге болады?» тақырыбындағы панельдік пікірталасқа ерекше назар аударылды. Қатысушылар ой бөлісіп, жұмыс бағытарының басымдылықтарын анықтап, жобаларды іске асыру бойынша практикалық қадамдарды ұсынды.

Дөңгелек үстел қорытындысы бойынша аудан әкімдігімен бірлесіп бастамаларды іске асыру үшін жұмыс тобын құру туралы резолюция қабылданды. Сондай-ақ Эко-Хабтың алдағы іс-шаралары жарияланды.

АИТВ ИНФЕКЦИЯСЫ ЖӘНЕ АДАМ ҚҰҚЫҒЫ

Дүниежүзінде АИТВ жұқтырған адамдардың құқықтарының жеткіліксіз қорғалуы өмір сүру сапасын едәуір төмендету мәселесіне айналуы мүмкін. Керісінше, бұл адамдардың құқықтарын қорғау арқылы инфекциядан құтылуға немесе егер жұқтырған жағдайда АИТВ инфекциясын барынша сәтті жеңуге көмектеседі.

АИТВ әлеуметтік-экономикалық қауымдастықтар арасындағы қарым-қатынасты бөлім желісі арқылы тереңдетеді. Бүкіл әлемде АИТВ/ЖИТС-нан негізгі әлеуметтік-экономикалық құқықтарға тең қол жеткізе алмайтын адамдар мен қоғамдастықтар көп зардап шекті. Негізгі құқықтарға қысым жасау адамдардың өз дербестігін қорғау, өмір сүруге қаражат алу және өзін-өзі қорғауды қамтамасыз ету тұрғысынан мүмкіндіктерін шектейді, бұл оларды АИТВ инфекциясының өзіне де, осы індеттің салдарына да неғұрлым осал етеді.

Осы себепті адам құқықтары контексінде эпидемияға баға беру қажет. Эпидемияны осы тұрғыдан қарау пәрменді жауап шараларын қабылдау үшін кейбір алғышарттарды неғұрлым нақты айқындауға мүмкіндік береді. Олар: адам құқықтары саласындағы қолданыстағы халықаралық құжаттарда белгіленген қағидаттарды, нормалар мен стандарттарды ықпалдастыру және осы құқықтарды іске асыру үшін ұлттық және халықаралық құқықтық институттарды пайдалану, теңдік және қатысу қағидаттары адам құқықтарын қамтитын АИТВ инфекциясы бойынша тиімді стратегияны іске асыру үшін негізгі қағидаттар. Егер нақтырақ айтатын болсақ, АИТВ инфекциясын жұқтырған немесе зардап шеккен адамдардың қадір-қасиетін қорғауға тікелей қатысты адам құқықтары саласындағы қағидаттарды мыналар қамтиды: денсаулыққа құқық, ерлер мен әйелдер арасындағы теңдікке құқық, балалар құқығы, жеке өмірге қол сұқпаушылық құқығы, білім алу және ақпарат алу құқығы, еңбек ету құқығы, некеге тұру және отбасын негіздеу құқығы, әлеуметтік қамсыздандыру, көмек және әл-ауқат құқығы, еркіндік және еркін жүріп-тұру құқығы.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі №360-VI Кодексінде АИТВ инфекциясын жұқтырған адамдарды әлеуметтік және құқықтық қорғаулар көрсетілген:

– АИТВ инфекциясын жұқтырған адамдарға білім беру ұйымдарында оқуға, санаторийлік-курорттық ұйымдарда және сауықтыру білім беру ұйымдарында болуына шектеу қойылмайды;

– Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, еңбек шартын тоқтатуға, еңбек шартын жасасуға, білім беру ұйымдарына және әлеуметтік мекемелерге қабылдауға тыйым салуға, сондай-ақ АИТВ инфекциясын жұқтырған адамдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтіруге, сол сияқты олардың жақын туыстарының тұрғын үй және өзге де құқықтары мен мүдделеріне нұқсан келтіруге жол берілмейді;

– «АИТВ инфекциясы» диагнозы белгіленген қызметкерлер тері қабаттарының немесе сілемейқабық бүтіндігінің бұзылуымен байланысты емес басқа жұмысқа жұмыс берушінің ауыстыруына жатады;

– АИТВ инфекциясын жұқтыру медицина және тұрмыстық қызмет көрсету саласы қызметкерлерінің қызметтік міндеттерін тиісінше орындамауы салдарынан болған адамдардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянның орнын толтыртуға құқығы бар.

А.АХМЕТОВА,
Астана қаласы әкімдігінің «АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығы» МКҚК дәрігер-эпидемиологы



№99 (4843) 23/08/2025 Сенбі

«АСТАНА АҚШАМЫ» – 35

АСТАНА – ӘЛЕМ ҚАЛАСЫ

Ақпанда біздің басылым Арқа өңіріне ел баспасөзінің қарашаңырағы «Егемен Қазақстан» көшіп келгенін сүйіншіледі. Бұл бір айтулы күн болды. Осынау үлкен ұжымды баспасөздің ардақтысы, халықтың маңдайына біткен марқасқа ұлы, бір кездері өзі осы газеттің бас редакторы болған Шерхан Мұртаза мен газеттің қазіргі бас редакторы Ержұман Смайыл бастап келген еді.





Астана, 1999 жыл: сол жағалаудағы қала құрылысы қарқынды жүргізілді.

ЕЛ ГАЗЕТІ ЕЛОРДАҒА КӨШІП КЕЛДІ
1999 жыл, 23 ақпан

«Халқымыздың басында көш аз болған жоқ. Мынау 80 жылдық ғұмыр тарихы бар «Егемен Қазақстанның» бұл Орынбордан бері төртінші көші екен. 70 жыл Алатау баурайында бауыр басқан басылым атынан сөз сөйлеген Шерхан Мұртаза: «Астанаға тек «Егемен Қазақстан» ғана келген жоқ, онымен бірге Сәкен, Тұрар, Смағұл, Ғабиттердің рухы ере келді» деп жиналғандарды бір тебірентіп тастады.

Иә, ғасыр жүгін қара белі қайыспай көтеріп келген қарашаңырақ – «Егемен Қазақстан» енді елге, Астана төрінен үн қататын болады» деп жазған тілші Айтқадыр Тілеуов.

ГҮЛЖАНҒА СЕНСЕК, ТҰРАН-БЕЙДЕН ТҮҢІЛЕСІЗ...
13 наурыз

Ол кезде оқырмандардан хат көп келетін. Бір күні редакцияға Гүлжан Әбдіғапарқызы шағым алып келді. Жылай-жылай екі көзі ісіп кеткен. 1999 жылы 27 ақпан күні түрік фирмасы «Окан-Холдинг Исот»-қа сылақшы-сыршы болып жұмысқа кіргенін, аталған фирма президенті Озджан Түркяр аудармашы қыз Жайнагүл сыршы-сылақшылардың бригадирі түрік Тұранға жібергенін, тәртіп бойынша кадр бөлімінен алған рұқсат қағазын сол кісіге көрсеткенін, құжаттарын көріп болған ол «жұмысқа кіруіңмен» деп құттықтаған болып, қолын ұстағанын, өзіне тартып, «мен сенің қожайының боламын, о-о сен якши қызсың» деп беліне қол жүгірткенін, онысымен қоймай денесін сипалай бастағанда шалдың қолын жұлқып, қағып жібергенін, содан кейін: «Сен шалдың менің денемді ұстауға қандай қақың бар» деп дауыс көтере сөйлеп шығып кеткенін айтты. Оның шағымын еш өзгертпестен сол күйінде жариялауды жөн көрдік.

– Мен содан кейін «Қазақ оі» фирмасының бастығы Бисен ағайға барып, сол кісінің тапсырмасымен 3-бөлмеге обой жабыстыра бастадым. Түс болды. Асханаға барып тамақтанып келіп, жұмысымды жалғастырайын десем, түрік Тұран құрал-саймандарымды бермеді. «Сен киз кет, саған шалач иок» деп тұр. («Сен қыз кет, саған жұмыс жоқ» дегені). Жүгіріп Бисен ағайға бардым.

– Аға, мен не жаздым, жұмысымды барымша тиянақты істедім ғой, – дедім. Бисен ағай да: «Гүлжан, сен жұмысты ұқыпты, өте жақсы жасайсың, саған ризамын» деп жатыр. Бірақ Тұранның жұмыс істеуге керекті құралдарымды бермегені жаныма аяздай батты. Оның қылығынан-ақ мен намысыма тиетін әрекет байқадым. Пайғамбар жасындағы адамның келген бойда қол салуы қазақ қызын басынғандық емес пе? Оның ойынша мен жұмыс үшін, ақша үшін әкемдей кісінің арсыздығына көнуім керек екен ғой. Жоқ, мен көне алмадым.

Осыған ерегіскен Тұран түрік ізімнен қалмай сол күні мені қалайда жұмыстан қуып шығуға әрекеттенді. Бірақ мен басқа бір Мамед деген бригадирден құрал алып, Бисен ағай тапсырған жұмыстарды еш дамылдамастан істей бердім.

Ертеңгі күні тағы да құралдарымды басқа бригадирден алып, жұмысыма кіріскенім сол еді. Екі қазақ милиционер келді де (қасында Тұран бар):

«Түрік бастықты тыңдамай жүрген керемет қыз сен бе?» деп алқымымнан қатты қысып, екі қолымды екі жаққа бұрап, екіншісі кеудемнен ұра бастады. Жаным мұрнымның ұшына көрінгесін, тамағымнан қылғындырып жатқан көзі бақырайған милиционерді (аты-жөнін білмеймін) қолынан қыршып, тістеп алдым. Сол кезде екіншісі шашыма жармасты. Шыңғырып қатты жұлқынғанымда бір уыс шашым әлгі милиционердің қолында қалып қойды. Мені екі қандасымның сабағанына риза болған Тұран түрік «өзіңе де сол керек, менімен төсекке жатуға көнбеген қалай екен?» деген кісіше миығынан күліп тұрды. Сосын ол қалтасынан 100 теңгеліктен 400 теңге шығарды да, менің бетіме лақтырып: «Мынаны ал да, тайып тұр» деді. Мен ақшаны алған жоқпын.

– Мен жұмысқа бұйрықпен кіргенмін, екі күнгі еңбегімді сенен емес, бухгалтериядан аламын, – дедім. Сөйтіп, шетелдік құрылысшы екі можантопай қоғамдық тәртіп сақшысына ақша беріп, маған айдап салып (әлбетте, солай, олар тек ақшаның күшімен ғана әрекет жасайды) жанымды да, тәнімді де жаралады. Ызадан қатты булығып жыладым. Жыладым да ойға кеттім. Жоқ, мен өз елімде, өз жерімде жүріп намысымды таптатпаймын. Әділдік іздеймін дедім. Екі күн жұмыс істегенімде бірнеше қаракөз қыздардың сол түрік Тұранға тістеніп «әбден басынып болды» деген сөздерін талай естідім. Ал олқыздар пікірлерін ашық айтуға қорқады.

Өйткені бірдеңе десе, олардың кез келгені менің жолымды құшары анық. Сондықтан іштен тынып, күнкөріс үшін мазаққа көніп жүре береді.

Мен бұл қалаға 1997 жылы тамыз айында Торғай облысы таратылған соң келгенмін. Бар ойым – адал еңбек етіп, ел қатарлы өмір сүру. Ауылдағы кәрі ата-анама көмектесу. 1997 жылдың қыркүйегі мен 1998 жылдың қазан айларында Швейцарияның «Мабетекс» фирмасы құрамында Президент Резиденциясын, Үкімет, Парламент үйлерін, Сыртқы істер министрлігі, аэровокзал ғимараттарын саларда шетелдік азаматтармен қоян-қолтық түсініскіпен жұмыс істедік. Олардың да бізге, қыз балаларға деген көзқарасы, сыйластығы өте жоғары болды. «Мабетекс» фирмасының иісі мұсылман-албандардан жұмысым үшін алғыс алған мені Тұран түрік «арам ниетіме көнбедің» деп екі милиционерге сабатты. Жер бетінде әділдік болатын болса, қазақ қызы деген атыма, абыройыма дақ түсіргім келмейді. Көмектесіңіздерші!

Гүлжан ТАЙЖАН,
Астана қаласы,
Сарыарқа көшесі
82 «а» үйі тұрғыны



ТҰРАН-БЕЙ ҚАЗАҚСТАННАН ҚУЫЛДЫ
29 сәуір

Артынша «Астана ақшамы» жазып еді... деген айдармен тағы бір мақала жарық көреді. Бұл жолы газеттің саясат бөлімінің меңгерушісі Таңатар Төлеуғалиев шетелдіктен зәбір көрген оқырманның хатын тексеруге кіріседі. Алдыңғы мақалада түрік фирмасы «Окан-Холдинг-Исот»-қа қазақ қызы Гүлжан Тайжанның жұмысқа алынып, екі күннен кейін сылақшылар бригадирі Тұран-бей тарапынан құдалауға ұшырап, ақыры екі қазақ миллионері Қ.Жатаев пен Е.Түменбаевтың Гүлжанды ұрып-соққанынан көрген зорлық-зомбылығы, жұмыстан қуылғаны сол күйінде берілген болатын.

«Расы керек, мақала газет бетінде жарық көрісімен, редакцияға телефон шалып та, аяқтай өздері келіп те, хат жазып та басылым көтеріп отырған мәселенің ақ-қарасын анықтау қажеттігіне пікір білдірген оқырмандар легі аз болған жоқ. Бұл газет қызметкерлерін бір марқайтып тастады десек, артық айтқандық емес. Сондай-ақ, шетелдік құрылыс фирмасы тарапынан қоқан-лоқы, кейбір дөңайбат көрсетулер де болды.

Бірақ, біз осының барлығына



сабырлылықпен, салқынқандылықпен қарадық. Кейбір адамдарға мақаланың тақырыбынан бастап, әрбір сөйлеміне дейін, берілген коллаждың мәніне дейін жеке-жеке түсіндіріп беруге тура келді. Осының барлығы газеттің адам тағдырына ешқашан немқұрайды қарай алмайтындығының бір айғағы. Әрбір оқырман – біздің тірегіміз. Редакцияға түскен хатқа үлкен жауапкершілікпен мән бере қарайтындығымыз да сондықтан».

Одан әрі Қазақстан Республикасы Астана қаласы ІІБ Төлқұжат және виза жұмысы басқармасының бастығы Святослав Петрович Ногай берген мақалаға тікелей қатысты Туран Илмазды елімізден қуу жөніндегі қайтып келу құқығынсыз анықтама беріліп отыр.

АСТАНА – БЕЙБІТШІЛІК ОРДАСЫ
10 шілде

1 шілде – Астана қаласы ЮНЕСКО-ның «Әлем қаласы» сыйлығымен марапатталғанын, Қазақстанның жас елордасы Астана әлем жұртына тағы да жарқырай танылғанын сүйіншілеген.

Бейсенбі күні Астана қаласының әкімі Әділбек Жақсыбековтің атына ЮНЕСКО-ның бас хатшысы Фредерико Майордың атынан жеделхат келіп түсті. Онда 1996 жылдан бері дүниежүзінің бес аймағындағы (Африка, Араб мемлекеттері, Еуропа, Азия-Тынық мұхит аймағындағы елдер және Латын Америкасы) бір-бір қалаға берілетін «Қалалар бейбітшілік үшін» халықаралық сыйлығының қорытындысы шығарылып, Азия аймағы бойынша берілетін жүлде Қазақстанның жас елордасы Астана қаласына берілгені туралы бірауыздан шешім қабылданғаны хабарланған. Сыйлыққа берілетін 25 мың доллар Астана қаласы муниципалитеті қызметін көтермелеуге арналады.

Қаламыздың мерейін өсірген ЮНЕСКО сыйлығы 1999 жылдың 1 шілдесі күні Боливияның Ла Пас қаласында салтанатты жағдайда тапсырылатын болады.

Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

АСТАНА – БІРЛІК ТӨРІ
2 қазан

Осы нөмірде «Беделсөз» атты жаңа айдар ашылып, онда халқымыздың тұлпар мініп, ту ұстаған тұлғалы азаматтары, әдебиетіміз бен мәдениетіміздің көрнекті өкілдері, сондай-ақ, еңбегімен еліне елеулі баска да бауырларымыз өміріміздің толып жатқан өзекті мәселелері төңірегінде қалам тербеген.

«Болар ел төрін қадірлейді. Астана – тәуелсіз Қазақ төрі. Төрден көргенділік пен көрегендік үн қатса лазым. Менің тұрақты оқырман ретінде айтарым: «Астана ақшамы» газеті орынды сөзімен, орнықты көзқарасымен ерекшелініп келеді. Қазіргідей өтпелі кезеңде елді біріктіретін де, ірітетін де сөз. Астана – бірлік төрі. Ендеше, «Астана ақшамына» бірлік сөзін сөйлеген жарасады.

Тек «Астана ақшамы» ғана емес, қазақ тілінде шығатын жарияланым атаулының нарыққа көшерде қолы қысқарып отыр. Олардың қолын ұзартатын да, өрісін кеңейтетін де тек бір өзіңсің, қазақ тілді оқырман!

Ел билеген, кәсіп ашқан азаматтар! Осындай жоқ-жітілікті кезеңде өздігінен баспасөзге жазыла алмайтын егделер мен жастарға, барлық оқу орны мен мәдениет ошағына, әсіресе, мектептер мен кітапханаларға қол ұшын берсеңіздер, бұл – елге қарасқандарыңыз, тілге қарасқандарыңыз дегім келеді» деп жазған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Әбіш Кекілбайұлы.

НАН БАҒАСЫ АРЗАНДАДЫ
23 қазан

Республика күні құрметіне «Ақмола Астық концерні» бірқатар өнімдерінің бағасын арзандатқанын айта келе, газетте сол кезде жоғары сортты ұнның жаңа құны 1200, бірінші сорт – 1100, екінші сорт – 900 теңге болғаны, нан бағасы 19 теңгеге түсіп, арзан да сапалы өнім концерннің дәстүрлі ұн базарында сатылатыны баяндалған.

№99 (4843) 23/08/2025 Сенбі



НЕ? ҚАЙДА ҚАШАН

Биыл Қазақстанда Конституцияның қабылданғанына 30 жыл толады. Осы тарихи мерейтойға орай елордада мерекелік, спорттық, мәдени және танымдық іс-шаралардың тұтас легі ұйымдастырылады. Бағдарламада турнирлер, дәрістер, құқық сабақтары, концерттер, фестивальдер және тағы басқа көптеген іс-шара бар.

23 тамыз күні Байқоңыр ауданы әкімінің кубогы үшін мемлекеттік органдар арасында «Заң және тәртіп» тұжырымдамасы аясында футбол турнирі өтеді.

24 тамызда Конституцияның 30 жылдығына орай «Ұлытау» спорт-сауықтыру кешенінде қыздар арасында ашық волейболдан қала чемпионаты ұйымдастырылады. Сол күні Триатлон саябағында Almaty Run жүгіру марафоны өтеді.

25 тамызда сағат 15:00-де №4 қалалық кітапхана оқырмандарын «Ата заңымыз – айбатты!» атты құқық сабағына шақырады.

Ал, Белсенді ұзақ өмір сүру орталығында зейнеткерлер арасында шахматтан жарыс өтеді. Е.Серкебаев атындағы балалар музыка мектебі осы күні «Конституция – бірліктің символы» атты челленджді бастайды. Байқоңыр ауданының әкімдігі балалар арасында «Ата заң – тәуелсіздік тірегі» атты сурет байқауын өткізеді.

26 тамызда Байқоңыр ауданы әкімдігі мен Тәттімбет атындағы №1 өнер мектебі «Айбарлы асқар елді асқақтатар Ата заң!» тақырыбында поэзия байқауын өткізеді.

27 тамыз күні қала тұрғындары мен қонақтарын мазмұнды танымдық бағдарлама күтіп тұр. Бұл күні Астанада 13-14 және 15-16 жас аралығындағы жасөспірімдер арасында велоспорттан «Астана қаласының кубогы», сондай-ақ кіші разрядтағы спортшылар арасында көркем гимнастикадан ашық чемпионат өтеді.

Жетісу саябағында ерекше балаларға арналған инклюзивті фестиваль ұйымдастырылады. Сонымен қатар, елордалық жастардың ақсақалдармен кездесуі өтеді. Ұрпақтар диалогы «Біздің заң – біздің болашақ» тақырыбына арналмақ. Жастар ұйымдары экологиялық акция өткізіп, Конституция көшесіндегі саябақты тазалайды. Сағат 11:00-де Орталық балалар мен жасөспірімдер кітапханасы оқырмандарға арналған «Ата заң – алтын діңгегіміз» атты көрме ашады. Ұлттық академиялық кітапханада «Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылы: мемлекеттілікті нығайту және заң үстемдігі» атты кездесу өтсе, Ұлттық қолжазбалар мен сирек кітаптар орталығында «Конституция – тәуелсіздіктің тірегі» атты көрме ашылады. Есіл ауданының әкімдігі №103 орта мектепте «Конституция және мен» тақырыбында Bir Tolqynda диалог алаңын өткізеді. Ал Байқоңыр ауданының әкімдігі «Ата заң» тақырыбында поэзия байқауын ұйымдастырады.

28 тамыз күні сағат 10:00-де зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханада «Айбарлы асқар елді асқақтатар Ата заң» атты танымдық сағат өтеді. Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайы «Адалдық – сенім» атты челленджді бастайды. Елордадағы Достық үйінде этномәдени бірлестіктердің жастар қанаттары арасында «Конституция – әділет пен бірліктің кепілі» тақырыбында пікірталас өтеді.

27-28 тамызда Байқоңыр ауданының Белсенді ұзақ өмір сүру орталығында еңбек ардагерлері арасында үстел теннисі мен шахматтан жарыстар өтеді.

29 тамызда Kitap Qala кітапханасында «Конституция – мәңгілік елдің тұғыры» атты кітап көрмесі ұйымдастырылады.

29-30 тамызда да бірқатар іс-шара жоспарланған. 28-30 тамыз күндері Нұра ауданында спорттық жарыстар легі өтеді. 28 тамызда сағат 10:00-де №79 мектепте Конституция күніне орай «Ата заңым – айбыным» атты оқушылар арасында шахмат турнирі өтеді.

29 тамызда сағат 09:00-де №78 мектепте аудан мекемелері қызметкерлері арасында шағын футболдан турнир ұйымдастырылады. Осы күні сағат 11:00-де «АЛЖИР» музей-мемориалды кешенінде «Ата заңым – айбыным» атты дәріс өтеді. «Алатау» спорт кешенінде осы уақытта құқық қорғау органдары қызметкерлері арасында қол күресі, гір тасын көтеру, арқан тарту сайыстары ұйымдастырылады. Қаладағы қоғамдық орындарда – вокзалдарда, әуежайда, саябақтарда, сауда орталықтарында Қазақстанның Мемлекеттік туы таратылып, танымдық викториналар өткізіледі.

29 тамызда сағат 19:00-де Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияда «Жасай бер, Қазақ елі» атты мерекелік концерт өтеді. Сағат 19:00-де Есіл өзені жағалауындағы Амфитеатрда «Ата заң – азат елдің арқауы» атты концерттік бағдарлама өтеді. Мереке күндері елордада «Қазақстан Республикасы Конституциясына – 30 жыл: мен өз құқықтарым мен міндеттерімді білемін» республикалық балалар сурет байқауы ұйымдастырылады. №1 балалар музыка мектебі мен №2 өнер мектебі «Ата заңым – айбарым» атты концерт дайындады. 30 тамыз күні сағат 12:00-де Ә.Мәмбетов атындағы Мемлекеттік драма және комедия театрының алдында ашық аспан астында мерекелік концерт өтеді. «Аспан» спорт кешенінде жасөспірімдер мен жастар арасында асық атудан ашық чемпионат өтеді. Нұра ауданы мектептерінде оқушылар арасында шахмат турнирі ұйымдастырылады.

30 тамызда сағат 09:00-де №79 мектепте Нұра ауданы құқық қорғау органдары қызметкерлері арасында шағын футболдан жарыс өтеді. «Астана орманы» веложолында Конституция күніне арналған жаппай велошеру өтеді. «Дәулет» теннис орталығында әуесқой теннис турнирі, ал «Ұлытау» спорт кешенінде ерлер арасында волейболдан ашық чемпионат ұйымдастырылады.

30 тамызда «Арбат» алаңында этномәдени орталықтардың мерекелік концерті өтеді.

31 тамызда елордада Saryarqa Run марафоны өтеді. Сонымен қатар Қазақстан Конституциясының 30 жылдығына орай қаланың барлық ауданында жаңа аула кеңістіктері ашылып, 14 мың орынға арналған жайлы мектептер мен жаңа балабақшалар есігін айқара ашады.

АТА ЗАҢҒА АРНАЛДЫ

Астана қаласы Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің №3 көпшілік кітапханасы мен «Наз» мемлекеттік би театрының бірлесуімен Қазақстан Конституциясы күніне орай «Ата заң – еңселі егемендік кепілі» атты тарихи-танымдық кеш өтті.

Бұл тағылымды іс-шара Ата заңымыздың ел тарихындағы маңызы, мемлекеттігіміздің тұғыры ретіндегі рөлі жан-жақты насихатталып, келер ұрпаққа патриоттық рух сыйлайтын мазмұнды ойлар мен әсерлі өнер ұштаса өрбіді. Театр әртісі Бауыржан Нұрымбетов әннен шашу шашып, тарихи кештің мазмұнын тереңдете түсті. Егемен еліміздің арқа тұтар басты құжаты – Ата заңымыз ұлықталған күн көпке тағылым, жас буынға өнеге болды.




ЖАЗБА МҰРАЛАР КӨРМЕСІ

Елордада Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығының ұйымдастыруымен «Қазақстан Ғарыш Сапары» ұлттық компаниясы ғимаратында «Ұлы дала тарихының жазба мұралары» атты жылжымалы көрме ұйымдастырылды.

Іс-шараның мақсаты – қазақ халқының жазба мұрасын насихаттау, көпшілікке көне жәдігерлерді таныстырып, жазба мұралар арқылы ұрпақты елдік пен бірлікке тәрбиелеу.

Көрмеде VIII-IX ғасырлардағы руникалық жазумен көне түркі тілінде жазылған «Ырық бітік» кітабы, Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегі, «Оғызнама», «Кодекс куманикус», Құтбтың «Хұсырау-Шырын» дастаны, «Шаджаратул атрак», араб және парсы тілдеріндегі еңбектер таныстырылды.

Сонымен қатар, көрмеге А.Құнанбайұлының шығармалар жинағы, А.Байтұрсынұлының 1928 жылы жарық көрген «Тіл жұмсары», 1929-1940 жылдары латын қарпімен жазылған І.Жансүгіров, Б.Майлиннің шығармалары және өзге де сирек кітаптар қойылды.



www.astana-akshamy.kz

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс №99
Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – **Ержан ҚОЖАС**

ASTANA AQSHAMY